

2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ АНАЛИЗИ

Білім беру мекемесінің жалпы сипаттамасы

1	Білім беру мекемесінің толық атауы	«Балалар көркемсурет мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны
2	Құрылған жылы	1979
3	ББ түрі	қосымша білім беру
4	Мектеп түрі	Балалар көркемсурет мектебі
5	Оқыту тілі	Мемлекеттік, орыс тілі
6	Оқытудың бағыты	сурет, кескіндеме, композиция, мүсін, БӨ тарихы, пленэрдің академиялық курсы
7	Мұғалімдердің сапалық құрамы	100% (15 мұғалім)
	Жоғары санат	60% (9 мұғ.)
	Бірінші санат	20% (3 мұғ.)
	Екінші санат	13% (2 мұғ.)
	Санатсыз	7% (1 мұғ.)
8	Қазақстан Суретшілер Одағының мүшелері	5 мұғалім
9	Академиялық дәрежесі Психология-педагогика ғылымдарының магистрлері	1 мұғалім
10	Мектеп мекен-жайы, эл.поштасы.	Көкшетау қ., Абай көшесі 126. т.257244 Мектептің электрондық поштасы: artschool_kokshe@mail.ru

Экономикалық және әлеуметтік жағдайы

Балалар көркемсурет мектебі бейімделген ғимаратта орналасқан. Жалпы ауданы 563,9 шаршы метр құрайтын бес оқу кабинеті бар, орындар саны – 200. Әр кабинет тиісті жабдықпен және оқу құралдарымен қамтылған.

Жазғы мерзімде: «Акварелька» БӨ студиясы жұмыс жасайды, оқу кабинеттерін, қосалқы бөлімшелерді, ғимарат қасбетін ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстары жүргізіледі; мектеп аумағын абаттандыру жұмыстары, ландшафттық дизайн элементтерін жасау жұмыстары жалғасады.

2014.01.09-тен бастап **оқу ақысы:**

Эстетикалық курс – айына 1100тг (аптасына 6 оқу сағаты)

Нолдік курс - айына 1700тг (аптасына 9 оқу сағаты)

1-ші, 2-ші курстар – айына 2400тг (аптасына 12 оқу сағаты)

3-ші, 4-ші курстар – айына 2600тг (аптасына 13 оқу сағаты)

5-ші курс – айына 2200тг (аптасына 12 оқу сағаты)

Оқушылар контингентінің сипаттамасы

2015-2016 оқу жылының аяғындағы оқушылардың саны – 379.

Сыныптар бойынша оқушылардың саны::

Даярлау курсы 5-8жас -60

- 0 курс (11 жас) - 32
- 1-ші сыныпта (12 жас) – 73
- 2-ші сыныпта (13 – 14 жас) – 90
- 3-ші сыныпта (14– 15 жас) – 58
- 4-ші сыныпта (15 – 16 жас) –55
- 5 сынып (16– 17 жас) -9

2016-2017 оқу жылында БКМ оқушылары арасында:

Мүмкіндіктері шектеулі балалар – 10

Жетім балалар – 6

Мектеп әкімшілігі:

Директор – Желобкова Юлия Владимировна

Директордың О.І. жөніндегі орынбасары – Письмак Наталия Владимировна

Директордың Т.І. жөніндегі орынбасары – Булгакова Наталья Андреевна

2016-2017 оқу жылындағы оқу-әдістемелік қызметтің анализі

Мектептің білім беру қызметі жеке тұлғаның білім мен шығармашылыққа деген қызығушылығын дамытуға, жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүддесін қанағаттандыратын білім беру бағдарламалары мен қызметтерді жүзеге асыруға бағытталған.

Көркемсурет мектебінің негізгі міндеттері:

1. Оқушылардың білім беру мен мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен, тұлға, қоғам және мемлекет мүддесінің 2013.17.05-ғы №499 балаларға арналған қосымша білім беретін мекеме қызметінің Үлгілік ережелеріне сай, балаларға қосымша білім беруді дамытуға көмектесу.
2. 2011.29.12-ғы №543 балалар музыкалық мектептеріне, балалар көркемсурет мектептері мен балалар өнер мектептеріне арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сай, бейнелеу өнерінің академиялық негіздеріне оқыту.
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау, 2013.14.06-ғы №228 «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына» сай, өнер саласында дарынды оқушыларды, ерте кәсіби бағдарды анықтау.
4. 2015.07.04-ғы «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» сай мемлекеттік қызмет көрсету.

Оқыту міндеттері натураны түпнұсқамен көшіруді емес, шығармашылық үрдістің көрінісін қалыптастыруға, үзіліссіз ізденіске, жеке елестеу мен ойлауды дамытуға негізделеді. Мектепте оқытылатын пәндер бейнелеу өнері бойынша базалық білім береді. Оқушылар сурет, кескіндеме, мүсін,

композиция негіздері мен өнер тарихы саласында білім мен дағдыны меңгереді.

Көркемсурет мектебінің тапсырмасы: қазақ дәстүрлерін, халықаралық тәжірибе мен өтілі бар қосымша көркемсурет білімінің жүйесі арқылы Қазақстанның зияткерлік әлеуетінің дамуына ықпал жасау. Өз бетімен дамып, шығармашылыққа талпынатын білімді, жоғары адамгершілігі бар, сын көзімен ойлайтын, білекті және рухани дамыған азаматтың қалыптасуы үшін білім мен дағдыны дамыту.

Көріну: оқыту жүйесінің моделі кәсіпті өзі таңдай алатын, қоғамның рухани және әлеуметтік дамуына белсенді қатысатын, ұлттық және әлемдік мәдениет жүйесіне бііктірілген, жоғары адами құндылықтардан хабардар, зияткерлік тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған. Мектепте қалыптасқан әрі сақталған дәстүрлер, мұғалімдер біліктілігінің жоғары деңгейі, мұғалімдердің белсенді жұмысы, түлектерден талап етілген білім, дарынды балаларды анықтау, үнемі дамитын материалды-техникалық база көркемсурет мектебінің табысты моделін белгілейді.

Мектептің 2016-2017 оқу жылына арналған негізгі міндеттері болды:

Мектеп мәселесі: Бейнелеу өнерінің негіздерін мақсатты оқыту арқылы тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту және өздігінен айқындалуға дайындығын тәрбиелеу.

Мектептің бағыты: оқушылардың көркемсурет білімінің түрлі деңгейіндегі жеке-шығармашылық танылуы мен ерте кәсіби бағдары үшін қолайлы жағдай жасау.

Мектептің стратегиялық мақсаты: «Бейнелеу өнерінің негіздерін мақсатты оқыту арқылы тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту және өздігінен айқындалуға дайындығын тәрбиелеу».

Мектептің 2016-2017 оқу жылына арналған негізгі міндеттері:

1. БКМ нормативтік базасын, 2011.29.11-ғы №543 оқу жоспарлары мен бағдарламаларына (2016.20.01-ғы №48) және 2013.14.06-ғы №228 қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында енгізілген өзгерістер мен қосымшаларды зерттеу.
2. Оқушылардың білім сапасын арттыру. Бейнелеу өнері саласындағы кәсіби дағдыларын және икемдерін дамыту. Дипломдық жоба бойынша жұмыс ұйымдастыру.
3. Ақпараттық тілдесу құзіретін, сонымен бірге мәселені шешу біліктілігін қалыптастыру.
4. Заманауи білім беру педагогикалық технологияларын жүзеге асыру. Сабақ құрылысының сақталуына көп көңіл бөлу, кері әсер өткізу. Мектепте білім беру қызметін жүзеге асыратын педагогтардың кәсіби құзірет деңгейін арттыруға арналған жағдай жасау. Оқушылардың ата-аналары мен қоғаммен тілдесу, мектеп пен ақпараттық технологиялар

- жайлы ақпарат беру жолымен, ашық білім беру кеңістігінің компоненттерін дамыту.
5. Кәсіби бағдар жұмысын өткізу (суретшілер мен мамандарды оқушылармен әңгімелесуге шақыру). Әр оқушының тұлғасын дамытушы стратегияны және әр оқушының дамуындағы озық мақсаттарды анықтайтын, тиімді зерттеу, шығармашылық, әлеуметтік белсенді қызмет үшін жағдай жасау.
 6. Ғылыми-әдістемелік зерттемелермен белсенді айналысатын педагогтар санын көбейту. Жұмыс тәжірибиесін жалпылау, қала мен облыстың, республиканың педагогикалық қоғамдастығының ортасы арасында кәсіби тәжірибені тарату.
 7. Педагогтардың кәсіби біліктілігін дамыту: мұғалімдердің шеберлігін жетілдіру мақсатымен, мектепте өткізілетін түрлі семинар мен шеберлік сыныптарына қатысу және өткізу жүйесі арқылы білім беру қызметін жүзеге асыратын педагогтардың кәсіби құзіретін көтеру үшін жағдай жасау.
 8. Мұғалімнің өз бетімен білім алуы бойынша жұмыс өткізу, мұғалімдердің өзара сабақтарына қатысуларын жалғастыру, өз бетімен білім алу тақырыбы бойынша есеп өткізу.
 9. Нашар оқитын оқушылармен жұмыс жүргізуді жетілдіру, тоқсандық есеп өткізу.
 10. БКМ-гі азаматтық-патриоттық тәрбиелеуді қайта қарау.
 11. Мүсін және композиция пәндерін оқытудың теориялық және тәжірибелік негіздерін қайта қарау.
 12. Мұғалімдердің өз лауазымдық міндеттерін орындау үшін жауапкершілік деңгейлерін арттыру (құжаттаманы жүргізу мен толтыру, ашық сабақ өткізу, мектеп бойынша кезекшілік, есеп т.с.с тапсыру).

Мектепте қолданылатын оқу-әдістемелік жұмыстың түрлері:

- Педагогикалық кеңес
- Әдістемелік семинарлар (шеберлік сыныптары, дәріс оқу қызметі)
- Әдістемелік кеңес
- Дәрежені көтерудің бағамдық жүйесін ұйымдастыру және бақылау.
- Мұғалімдердің аттестациясы
- Мұғалімдердің өз бетімен білім алу тақырыбы бойынша жұмыс жасау
- ЖММ – жас мұғалім мектебі
- Педагогикалық мониторинг
- Басылымдар
- Ашық сабақтар.

БКМ-де педкеңестерді өткізу келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- мектептің педагогика ұжымын оқыту және тәрбие жұмысын жетілдіруге бағыттау;
- педагогика ғылымының жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибені практикаға енгізу;
- мұғалімнің кәсіптілігін арттыру, оның өзіндігін дамыту.

Педагогтік кеңестер тек қана дәстүрлі: баяндамалар, бірлескен баяндамалар, тақырыпты соңынан талқылау түрде емес, сонымен бірге мынадай инновациялық формалар қолданылады: дискуссия, дөңгелеу үстел, шеберлік сынып...

2016-2017 оқу жылында өткізілген педагогикалық кеңестер:

№	Тақырыбы	Жауаптылар	мезгілі
1	«2016-2017 оқу жылындағы мектеп жұмысының негізгі міндеттері мен бағыттары»	Желобкова Ю.В. Письмак Н.В. Булгакова Н.А.	27.08.2016
2	««Оқу үрдісіндегі педагогикалық технологиялар – әртүрлілік, мақсаттылық пен тиімділік»»	Желобкова Ю.В. Письмак Н.В. Булгакова Н.А. Рахимжанова Д.Е. Ибраев Е.А.	09.11.2016
3	«Заманауи сабақ құрылысы. Мұғалімдердің кәсіби құзіретін көтеретін фактор ретінде, педагогикалық талаптарды ұстану»	Желобкова Ю.В. Письмак Н.В. Булгакова Н.А. Максимова И.В. Соловьева Т.А.	05.01.2017
4	«Азаматтық-патриоттық тәрбие, мәселелер және шешу жолдары»	Желобкова Ю.В. Письмак Н.В. Булгакова Н.А. Эгамов Р.Ю. Ягнюк О.В.	25.03.2017
5	«2016-2017 оқу жылының қорытындысы, нәтижесі, жетістіктері»	Желобкова Ю.В. Письмак Н.В. Булгакова Н.А.	29.05.16

Әдістемелік семинарлар, шеберлік сыныптарын, курс, сайыс өткізу және біліктілікті арттыру:

- 2016 жылдың 26-28 қазанында БКМ негізінде «Қосымша білім беру жағдайында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Қосымша білім беру жағдайында мүмкіндіктері шектеулі балаларға өнегелі-эстетикалық тәрбие беру» республикалық біліктілікті жоғарылату курсы өткізілді.

Мектеп мұғалімдері әңгімелесу, шеберлік сыныптарын жоғары кәсіп деңгейде өткізе білді: Булгакова Н.А., директордың Т.І. жөніндегі орынбасары, ҚР СО мүшесі, «Арттерапиялық технологиялардың элементтері арқылы нашар еститін балаларды бейнелеу қызметіне оқыту» әдістемелік зерттеменің авторы келесі тақырыппен теориялық

және практикалық сабақ өткізді: «Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім қажеттілігі есебінен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру».

Нашар еститін балалармен жұмыс жасау тәжірибиесі мол, жоғары санатты мұғалім Ягнюк О.В. тыңдармандарды мүмкіндіктері шектеулі балаларды қашықтықтан оқыту жайлы мәліметпен таныстырады.

Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасау тәжірибиесі мол, жоғары санатты мұғалім, Максимова И.В. келесі тақырыппен әңгімелесу өткізді: «Мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық әлеуетін заттық-тәжірибелік қызмет арқылы ашу»

БКМ барлық мұғалімдері курс тыңдармандары атынан жақсы пікір естіді.

- 2017 жылдың 23-27 қаңтар аралығында Қазақ ұлттық өнер университетінде мәдениет және өнер саласындағы колледж, арнайы мектептер мен Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдарының мұғалімдері арасында байқау өтті. Байқау мақсаты: инновациялық, педагогикалық, білім беретін және тәрбие әдістемесін дәріптеу, педагогикалық тәжірибие, сабақ берудің инновациялық әдістемесін қолдану тәжірибесімен алмасу. Байқау нәтижесі бойынша БКМ мұғалімі Максимова Ирина Владимировна «Заманауи сабақ» номинациясы бойынша 1 орынға ие болды.

- Көркем-эстетикалық бағыттағы қосымша білім беруді дамыту мен бейнесабак дайындау мақсатымен, Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрі «Қосымша білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік орталықпен келісілген меморандумын» орындау үшін директор Р.П.Шер мен «Studio childrens films «Kinokio» режиссер-қоюшы М.А.Сарсенбаевтың атынан 10-11 ақпан күндері Балалар көркемсурет мектебінде балалар мен мұғалімдерге арналған қызметтің алуан түрі бойынша шеберлік сыныптардың бейнетүсірілімі өтті.

Нәтижесінде 10 шеберлік сыныбы өткізілді және түсірілді:

Булгакова Н.А. кескіндеме пәні бойынша – «Этюд акварелью в технике по сырой бумаге» екі шеберлік сыныбын өткізді. Түсірілім кезінде мүсін пәні бойынша – «Приемы керамики – работа с пластом» шеберлік сыныбына 1 «а» оқушылары қатысты. Бейне шеберлік сыныбының түсірілімі кезінде 3 «в» оқушылары да қатысты.

Максимова И.В. кескіндеме пәні бойынша шеберлік сыныбын өткізді. Сабақтың тақырыбы: «Изучение приемов и техники акварельной живописи, Резерваж, техника акварели с солью». Бейне шеберлік сыныбының түсіріліміне 2 «д» курс оқушылары, есту қабілеті нашар балалаларға арналған интернат тәрбиеленушілері де қатысты.

Ягнюк О.В. даярлау тобының оқушыларына арналған, сәндік-қолданбалы өнер бойынша шеберлік сыныбын өткізді. Тақырыбы: «Работа с бумагой в технике аппликация». Бейне шеберлік сыныбының түсіріліміне «А» даярлау тобының оқушылары қатысты.

Ибраев Е.А. мұғалімдерге арнап, сурет пәні бойынша шеберлік сыныбын өткізді. Тақырыбы: «Использование графического планшета в

работе учителя ИЗО». Балаларға жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде жаңа технологиялық амалдарды қолдану.

Рахимжанова Д.Е. қолданбалы композиция пәні бойынша шеберлік сыныбын мемлекеттік тілде өткізді. Тақырыбы: «Изготовление чехла из фетра для телефона с применением национальной вышивки «Біз кесте»». Бейне шеберлік сыныбының түсіріліміне 1 «ә» курс оқушылары қатысты.

Эгамов Р.Ю. кескіндеме пәні бойынша, «Портретная живопись» (холст, масло) тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді. Адам басының пропорциясы туралы білімдерін бекітті, көркем бейне ізденісі, бейненің ракурсы мен компоновкасын таңдау. Бейне шеберлік сыныбының түсіріліміне 5 курс оқушылары қатысты.

Письмак Н.В. қолданбалы композиция пәні бойынша «Изготовление изделий из войлока методом мокрого валяния» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді. Бейне шеберлік сыныбының түсіріліміне 0 «б» курс оқушылары қатысты.

Соловьева Т.А. білгекті композиция бойынша, «Графические фантазии» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді. Бейне шеберлік сыныбының түсіріліміне 0 «а» курс оқушылары қатысты.

БКМ әдістемелік жұмыс – мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға, біліктілікті жан-жақты көтеруге, мектептегі педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін көтеруге, ақыр соңында – оқу-тәрбиелік жүйенің сапасы мен тиімділігін көтеруге бағытталған өзара байланысқан шаралардың күрделі кешені.

БКМ-нің оқу-әдістемелік қызметі келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- мұғалімдердің педагогикалық біліктілігін арттыру
- мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жүйесін жетілдіру
- сабақтарды оқу тәртібінің сапасын арттыру. Оқу-әдістемелік жұмыстың барлық бағыттары қойылған міндеттер есебімен түзетілді.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру әркелкі түрде өткізілді: ұжым ішінде әдістемелік бірлестік кезінде, түрлі деңгейдегі семинарларда, жеке мұғалімдермен немесе мұғалімдер тобымен кеңестік жұмыс үстінде.

Білім берудің жанаруы жағдайында инновациялық педагогикалық тәжірибені кеңейту жаңа сапаға ие болып, мұғалімдерді оқытудың бір түрі ретінде қарастырылады. Осы бағыт бойынша мектеп мұғалімдерінің әдістемелік жиналысы барысында үнемі жұмыс жүргізіледі.

Соңғы уақытта мектептің оқу-әдістемелік үрдісіндегі өзекті тақырыптарға арналған келесі **әдістемелік жиналыстар** өткізілді:

№	Тақырыбы	Күні	Жауапты
1	1.БКМ нормативтік базасы, 2011.29.11-ғы №543 оқу жоспарлары мен бағдарламаласы (2016.20.01-ғы)	2016.05.09.	Письмак Н.В. Булгакова Н.А. Янке И.К.

	№48) және 2013.14.06-ғы №228 қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. 2. Нашар оқитын оқушылармен жұмыс жасау жүйесі		
2	«Дипломдық жобалау бойынша жұмысты ұйымдастыру. Жоғары шығармашылық жетістікке жету»	2016.03.11.	Булгакова Н.А. Эгамов Р.Ю. Янке И.К.
3	«Көркемсурет мектебіндегі мүсін пәнін оқытудың теориялық және тәжірибелік негіздері».	2017.06.01.	Булгакова Н.А. Зиновьев Д.С. Янке И.К.
4	«Құзырет түрлері. Оқушылардағы құзыретті қалыптастыру әдістері».	2017.17.03.	Максимова И.В. Аманжолов Ж.А. Янке И.К.
5	«1 курс оқушыларының композициялық ойлауын дамытуға бағытталған, композиция заңдылықтары мен амалдарын зерттеу».	2017.14.04.	Янке И.К. Рахимжанова Д.Е.

Мұғалімдердің курстық дайындығы:

2016 жылы мұғалімдер: Желобкова Ю.В., Письмак Н.В., Булгакова Н.А. «Развитие творческих способностей учащихся в условиях дополнительного образования. Нравственно-эстетическое воспитание детей с ограниченными возможностями в условиях дополнительного образования» тақырыбы бойынша Республикалық біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Педагогтардың **аттестатталуы** білім беру үрдісін басқаруда маңызды рөлге ие. Өйткені бұл - біліктілік деңгейінің, педагогикалық шеберлік пен мектеп қызметкерлерінің тиімді қызметін кешенді бағалау болып саналады.


Педагогикалық құрамның кәсіби өсуі үшін мектепте орнатылған тәртіптің арқасында, мұғалімдер өз біліктілігін үнемі жетілдіріп тұрады. 2016-2017 оқу жылында мұғалім Сердалі Ә.М. бірінші біліктілік дәрежесін қорғады.

3 жылдағы аттестация нәтижелері

2014-2015			2015-2016 оқу жылы			2016-2017 оқу жылы		
жоғары	1 дәр.	2 дәреже	жоғары	1 дәр.	2 дәр.	жоғары	1 дәр.	2 дәр.
Янке И.К мезгілінен бұрын берілді		Аманжолов Ж.А. мезгілінен бұрын берілді	Мағзумов Д.Н. Растады				Сердалі Ә.М. берілді	

Зиновьев Д.С. берілді		Саттыбаева А.Т. мезгілінен бұрын берілді						
--------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--

2016-2017 оқу жылындағы мұғалімдердің сапалық құрамы



Мұғалімдердің педагогикалық мәселелер бойынша жұмысы:

- Желобкова Ю.В. «Оқушылардың композиция сабағындағы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру».
- Письмак Н.В «Кескіндеме мен композиция сабақтарында түс көру шығармашылық дағдысын қалыптастыру».
- Максимова И.В. «БКМ оқушыларының кескіндеме сабағындағы реңдік көру дағдысын дамыту»
- Соловьева Т.А. «Сурет сабағында кеңістікті көру мен құрастыру негіздерінің дағдыларын жетілдіру»
- Эгамов Р.Ю. «БКМ жоғары сыныптарындағы кескіндеме мен композиция сабақтарында портреттік жанрға қажет білім мен дағдыны қалыптастыру»
- Янке И.К. «Оқушылардың композиция мен кескіндеме сабақтарындағы бейнелі және шығармашыл ойлаудың амалдарын дамыту»
- Ибраев Е.А. «БКМ оқушыларында сызықтық-құрылымдық құрылыс дағдысын жетілдіру»
- Аманжолов Ж.А. «БКМ оқушыларының мүсін сабағындағы мүсіндеу барысында шығармашылық қиялды дамытудың әдістері мен амалдары»

- Сарсенбаева А.Б. «БКМ оқушыларының танымдық қызығушылық деңгейлерін арттыру амалы ретінде, бейнелеу өнері сабағында ақпараттық технологияларды қолдану».
- Зиновьев Д.С. «БКМ кескіндеме сабағында түсті қабылдау мен көшірмелеуді қалыптастыру»
- Булгакова Н.А.- «Композиция және мүсін сабақтарында шығармашылық біліктілікті қалыптастыру әдістері».
- Ягнюк О.В. «Даярлау курсының оқушыларында эстетикалық сезімді қалыптастыру және дамыту».
- Рахимжанова Д.Е «БКМ композиция сабағында ұлтық дәстүрді жаңғырту».
- Мағзұмов Д.Н «Сурет сабағында үш өлшемді бейнені екі өлшемді жазықтықта көріп, түснудің негіздері»

Оқу-әдістемелік жұмыстың маңызы ретінде жас мамандармен жұмыс жасау саналады, әрқайсысына жоғары біліктілік санаты бар тәлімгер белгіленеді. Тәлімгерлерден бөлем *жас мұғалім мектебі* (ЖММ) де өз көмегін көрсетеді. ЖММ-де жас мамандарға арналған өзекті мәселелер қарастырылады: сабаққа қойылатын қазіргі деңгейдегі талаптар, күнтізбелік және сабақ сайынғы жоспарларды құру, сабақтың мақсаты мен міндеттерін белгілеп қою, сынып жетекшісінің жұмысы, ата-аналармен жұмыс жүргізу, сыныптан тыс жұмыс жүргізу т.т. Тәлімгерлері мен әдістемелік қызметтің қолдауы арқасында жас мамандар ашық сабақ, сыныптан тыс іс-шаралар өткізеді.

Мұғалімдер жұмысының тиімділігі мен жауапкершілін арттыру мақсатында мектеп ішінде мұғалімдер қызметінің мониторингі жүргізіледі, онда барлық оқу және тәрбие жұмысы сараланып, жүйелі түрде қорытынды шығарылады.

Ашық сабақтар кестеге сай өткізілді. Ашық сабақ алдағы тәжірибені насихаттау мен өрістетудің түрі, сонымен бірге мұғалімнің әдістемелік жұмысының нәтижесі, оқу және тәрбие үрдісінің шынайы элементі саналады, бұл ретте мұғалімге оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңа міндеттерді игеруге көмек көрсету қажеттілігін жоққа шығармайды. Оқу-тәрбие үрдісінің алдағы түрлері мен әдістерін көрсету, оқыту амалдарының дидактикалық тиімділігінің анализі, ғылыми мекеме әдістерін жалпылау мен оқу үрдісінің сапасын бақылау ашық сабақтың мақсаты болып саналады.

2016-17 оқу жылында өткізілген ашық сабақтар

№	Мұғалімнің аты-жөні	Ашық сабақ тақырыбы	Пән	Күні мен уақыты	курс
1.	Қуыршақ жасау бойынша шебер, Елисеева А-ның қатысуымен	Авторлық қуыршақ жасау	Композиция	2016.23.09.	2,3 курс

	Максимова И.В.				
2.	Эгамов Р.Ю.	Ерте жаңару	БӨ тарихы	2016.24.1 0.	2 «б» курс
3.	Рахимжанова Д.Е.	Сәндік ағаштар. Апликация	Сәндік- қолданбал ы өнер	2016.20.1 0.	«І» даярла у тобы
4.	Ягнюк О.В.	Водяная печать	композици я	2017.23.0 2.	Назарб аев зияткер лік мектеп бінің оқушы ларына арналға н

Инклюзивтік білім беру жұмысы 2004 жылы, есту қабілеті төмен балаларды оқытуға арналған мамандырылған сынып ашылғаннан басталды. Бұл сынып дұрыс етитін балалар ортасына енгізілген. Осындай балалар тобымен жұмыс жүргізу үшін нормативтік-құқықтық база зерттеліп, білім беру мекемелер жағдайында мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту ісі арнайы сауатты әдістемелік ескертпелермен қамтамасыз етілді. БКМ-да білім беру мәселелері «Нашар еститін балаларды арттерапевтік технологиялар элементтерін қолдана оқыту» оқу бағдарламасы бойынша шешіліп отырды. Бұл бағдарламаның авторы – Булгакова Наталья Андреевна, жоғары дәрежедегі мұғалім.

2015-2016 оқу жылында Балалар көркемсурет мектебінде мүмкіндіктері шектеулі балалар оқиды:

0 курс-11 жас. Лазарева Анастасия (4 дәрежелі есту мүкістігі)

1 курс – Муталиева Фатима (лимфо саласындағы асқынған аққандылық)

1 курс -12 жас, Ледэ Екатерина (СД-1 инсулинге тәуелді),

3 курс Баймагамбетов Ахат -15 жас, (ДЦП солжақты генипорез),

3 курс Курмаев Ильяс -14 жас (ЗПР) біліктің орта дәрежелі тұрақты миопиясы, хориореталды тігіс.

3курс Бекахметов Диас -12 жас (есту қабілеті бұзылған),

2 курс Мажитова Дильназ 14 жас (есту қабілеті бұзылған),

Хайруллина Айгерим 14 жас - (есту қабілеті бұзылған),

Кәрім Жұлдыз 14 жас - (есту қабілеті бұзылған),

Каримова Гульден 14 жас - (есту қабілеті бұзылған) 3-4 дәрежелі

Зазуляк Ольга 14 жас - 2-жақты СНТ 3-4 дәрежелі ОНР 3 дәреже

Біздің мектеп мұғалімдері педагогикалық тәжірибесімен, шеберлігімен басылымдар арқылы бөліседі, 2016-2017 оқу жылындағы басылымдары:

- 2016ж. Республикалық ғылыми, оқу-әдістемелік материалдар мен педагогикалық еңбектер жинағына мұғалімдеріміз Д.Е.Рахимжанованың «Ою-өрнектер сиқыры», И.В.Максимовнаның «Треш-Арт», Д.Н.Мағзұмовтың «Гипс бастаның суреті (Сократ)», О.В.Ягнюктің «Живопись гуашью» еңбектері енді.
- Ақмола облысының білім Басқармасы, Сорос-Қазақстан қоры, Көкшетау қ. білім беретін ұйымдардың қызметкерлерінің қауымдастығының «Инклюзивті тәжірибие енгізу бойынша басқарушылық кадрларға арналған жинағына» БКМ директоры Ю.В.Желобкованың «Опыт реализации инклюзивного образования в Детской художественной школе» мақаласы енді.
- 2016жылғы №3 мұғалімдер журналына («Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» ақпараттық-әдістемелік бюллетені) енгендер:
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.В.Письмактың «Білім беру үрдісінің жаңаруы жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы қосымша білім берудің мәні» мақаласы.
Мұғалім Д.Е.Рахимжанованың «Қазағымның қолөнерін жаңғырту» мақаласы.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.А.Булгакованың «Қосымша білім беру оқу бағдарламаларын меңгерту аясындағы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары» мақаласы.
Мұғалім А.М.Сердалінің «Балалар көркемсурет мектебіндегі жазғы пленэр» мақаласы.
- Бейнелеу өнері мен көркем шығармашылық бойынша әдістемелік материалдырдың «Точка, Точка, Запятая-2016 (Ресей, Челябинск) жинағына Н.В.Письмактың «Сохраняя историю и традиции» мақаласы енді.
- 2017.06.02-ғы «Акмоллинская правданың» «Приходите посмотреть» айдарында, облыстық тарих-өлкетану мұражайында, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.А.Булгаковадан интервью алу барысында дайындалған, БКМ оқушыларының шығармашылық жұмыстарының көрмесі жайлы А.Мякотаның «Мы интересны миру, а мир интересен нам» мақаласы шықты.

Бітіру курсының оқушыларына арналған бітіру емтихандары, бекітілген кестеге сай, барлық пәндер бойынша өткізілді: бітіру курсының үлгерімі - 100%. «Композиция» пәні бойынша БКМ бітіру курсының оқушылары жеке шығармашылық жобасын орындады.

2017.17-18.05 аралығында дипломдық жобаны қорғау өткізілді. Қорғауға комиссия мүшелері ретінде шақырылғандар: ҚР суретшілер Одағының мүшесі әрі өнер қызметінің қайраткері Ю.Г.Попов, Ш.Уәлиханов

атындағы КМУ бейнелеу өнері мен сызу кафедрасының оқытушысы, евразиялық дизайншілер қоғамының мүшесі- А.О. Әміржанова қатысты. Оқушылар жақсы дайындалып, қорғап шықты. Комиссия мүшелері орындалған жұмыстардың сапасын жоғары бағалап, кәсіпқойлық пен ұлттық дәстүрді жаңғыртатын қолданбалы өнерде жасалған жұмыстардың жаңалығын белгілеп өтті.

**Оқушылардың 2016-2017 оқу жылындағы үлгерім нәтижесі:
БКМ оқушыларының 2016-2017 оқу жылының соңындағы оқығандықтың деңгейі.**

<i>Оқу жылының соңындағы оқушылар саны</i>	<i>Оқу жылын үздік бітіргендер</i>	<i>Оқу жылын жақсы бітіргендер</i>	<i>Оқу жылын орташа бітіргендер</i>
379 (319 даярлау курсына санамағанда)	176 (55%)	132(41%)	11 (4%)



2014-2015, 2015-2016, 2016-2017 оқу жылындағы қорытынды бағалардың салыстырмалы сипаттамасы

<i>Оқу жылының соңындағы оқушылар саны</i>			<i>Оқу жылын үздік бітіргендер</i>			<i>Оқу жылын жақсы бітіргендер</i>			<i>Оқу жылын орташа бітіргендер</i>		
2014-2015	2015-2016	2016-2017	2014-2015	2015-2016	2016-2017	2014-2015	2015-2016	2016-2017	2014-2015	2015-2016	2016-2017
435	463	379	152 46%	191 (53%)	158 (55%)	158 48,5%	153 (42)%	132 (41)%	19 5,5%	(18%)	11 (4%)

**2014-2015, 2015-2016, 2016-2017 жылғы
БКМ түлектерінің емтихандық бағаларының салыстырмалы сипаттамасы**

	2014-2015			
	4 А	4 Б	4 В	4 г

	5	4	3	5	4	3	5	4	3	5	4	3
сурет	15	-	-	14	1	-	11	2	-	12	2	-
кескіндеме	15	-	-	14	1	-	11	2	-	11	3	-
композиция	15	-	-	13	2	-	11	2	-	11	3	-
мүсін	15	-	-	14	1	-	13	-	-	14	-	-
БӨ тарихы	14	1	-	12	3	-	13	-	-	14	1	-
2015-2016												
	4 А			4 Б			4 В			4 Г		
	5	4	3	5	4	3	5	4	3	5	4	3
сурет	15	3	-	15	2	-	14	-	-	14	2	-
кескіндеме	17	1	-	15	2	-	13	1	-	12	4	-
композиция	18	-	-	17	-	-	14	-	-	14	2	-
мүсін	18	-	-	17	-	-	14	-	-	16	-	-
БӨ тарихы	12	6	-	11	5	-	12	2	-	11	4	1

	2016-2017											
	4 А			4 Б			4 В			4 Г		
	5	4	3	5	4	3	5	4	3	5	4	3
сурет	11	2	-	12	2	-	14	1	-	13	-	-
кескіндеме	13	-	-	13	1	-	14	1	-	13	-	-
композиция	13	-	-	14	-	-	15	-	-	13	-	-
мүсін	13	-	-	14	-	-	14	1	-	13	-	-
БӨ тарихы	12	1	-	13	1	-	12	2	-	11	2	-

Бүкіл оқу-әдістемелік жұмыс оқыту сапасын жетілдіруге бағытталған. Оқыту сапасына оқушының білім алу сапасы тікелей байланысты. Қазіргі мектеп «сапалы білім» ұғымын – адамның нақты білімі болуы ғана емес, жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің білім беру процесінің нәтижесіне, технологиясы мен жағдайына қанағаттанушылық деңгейіне қарайды. Білім беру – қоғам дамуының стратегиялық ресурсы ретінде бүгінгі күнде тұлғалардың жаңа сапасын қамтамасыз етуге тиісті. Ол сапа пәндер білімі, дағды, шеберлікпен ғана емес, олардың салауатты өмірлік таңдауына, өз бетінше еңбек етуіне, өзіндік шкшім қабылдауына әзірлігімен өлшенеді.

Мектептің оқу-әдістемелік қызметінің мәселелері:

1. Қазақстанның қазіргі заман өнері бойынша әдебиеттің жетіспеушілігі
2. Өнер жайында мемлекеттік тілдегі әдебиеттің жетіспеушілігі
3. Нашар еститін оқушылармен жұмыс жеткіліксіз жүйеленген.
4. Білім беру жүйесін дамытудың 2016-2020 жылғы мемлекеттік бағдарламасы, мектеп жасындағы балаларды қосымша білім алуға шақыруды көздейді, алайда БҚМ-гі сынып бөлмелерінің жетіспеушілігінен бұл мәселені шешу қиынға соғады.

Қорытынды: педагогикалық мәселелерді саралау негізінде, педагогикалық ұжымның шынайы мүмкіндіктері есебімен, өткен жылдың міндеттері дұрыс қойылған, жалпы, көбісі орындалған.